Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі
Школьный этап республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам
Жауап парағы
Бланк ответов

## Қатысушылардың жұмысын шифрлау парағы
## Титульный лист для шифрования работ участников

**Қатысушының жұмысы**

**Работа участника**

Толтырылған беттер саны:___ Шифр: 7ym - 10 - 01
(Количество заполненных листов)

Эссе

## Ахмет Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы Қостанай облысы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Ахмет жазушы, тіл жанашыры, публицист, әдебиеттанушы, „Алаш" қозғалысының мүшесі, „Қазақ" газетінің редакторы. Шығармалары: „Маса", „Қырық мысал", „Үзік" деген аттармен жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынұлы неліктен ұлт ұстазы? - деген сұраққа жауап іздесек. Ахмет тіл жанашыры, қазақ балаларын жатса да, тұрса да тек білімге, оқуға шақырған аса құрметті тұлғалардың бірі. „Тіл өлген ел - тірі өлген ел" - деген ұстаныммен тек қазақ халқы үшін күрескен. Сол заманда адамдар надан, сауатсыз болған, оларды ояту мақсатында „Маса" шығармасын жарыққа шығарған. Бұл шығарманың басты идеясы: ызыңдаған сары маса арқылы қараңғы түнектің астында жатқан бейқам халықты ұйқыларынан ояту мақсатында жазылған Осы жерде анық байқай аламыз Ахметтің қазаққа деген жанашырлығын, батылдығын яғни осы халық үшін, тілді сақтап қалу үшін „Алаш" қозғалысымен патша үкіметіне қарсы шыққандығынан. Тіпті осы қазақ балаларының сауатын ашу үшін „Әліпби" дайындаған. Алдына қойған мақсаттарына нық қадаммен жету үшін түрлі қарулар жасаған тұлға. Сонау қиын заманда осыншама істерді жасау екінің бірінің қолынан келмейтін іс деп ойлаймын. Былай тұрсаңыз бір жағында аузыңды ашсаң қауып алуға дайын қарап тұрған „патша үкіметі", бір жағында ұйқыда жатқан өз елің көз алдыңа елестету, тіпті ойлаудың өзі қорқынышты „Ұлт ұстазы" - деген атақ бекерден бекер берілмейтіні сөзсіз жалпы „Ұлт ұстазы" деп білімге шақырғанын айтқанымыздың өзі жеткілікті деп санаймын. Биыл Ахмет бабамыздың туылғанына 150 жыл толды. Бұл мерекеге орай қалаларда, мектептерде әртүрлі шаралар өткізілді.

Қорытындылай келсек Ахмет Байтұрсынұлы мемлекет болып қалыптасуымызға орасан зор септігін тигізген жандардың бірі. Осы тұрғыда мен Ахметті танып білуге арналған „Ахмет - ұлт ұстазы" деген фильмді көруге шақырамын. Болашақ ұрпаққа сенген бабалардың үмітін ақтауға жұмыстанып, тек Қазақстанға емес әлемге әйгілі ірі тұлға екенін танытуымыз қажет деп есептеймін.